



# Ақмешіт

3 ақпан  
сенбі  
№10 (2020)  
2024 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



РЕДАКТОР БАҒАНЫ

### ЖҰЛДЫЗЫҢ БИІК БОЛСЫН, ҰЛТТЫҚ БАСЫЛЫМ!

Енді газет-журналдарда еңбек ететіндердің де өз мерекесі бар. 2 ақпан – ұлттық басылым күні! Неге 2 ақпан? Өйткені дәл осы күні Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы сынды ұлт зиялылары негізін қалаған «Қазақ» газетінің алғашқы нөмірі шықты.

Қалам ұстаған қауымды Мемлекет басшысы да төл мерекесімен құттықтады.

– Баршаңызды Ұлттық басылым күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сонау 1913 жылы, дәл осы күні еліміздің баспасөз саласының бастауында тұрған «Қазақ» газетінің алғашқы саны жарық көрді. Халқымыздың біртұар перзенттері – Алаш арыстары шығарған бұл басылым сындарлы сәттерде ұлтты ұйыстыруға айрықша ықпал етті. Сөз бостандығына адалдығына айнымаған басылымдар әрдайым шынайы ақпараттың және сапалы сараптаманың қайнар көзі болып қала береді. Газет-журналдар замана тынысын дөп басып, мемлекет пен қоғамдағы қордаланған мәселелерді көтереді, түрлі көзқарастағы ой-пікірлерді жарыққа шығарады. Сондай-ақ жалпы адамзатқа ортақ ізгі құндылықтарды дәріптейді. Баспасөз қызметкерлері кәсіби біліктіліктің, отаншылдық пен жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетіп келеді. Біздің басылымдарымыз халықтың бірлігін нығайтуға атсалысып, Әділетті Қазақстанды құру ісіне елеулі үлес қоса беруді деп сенемін. Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке және шығармашылық шабыт тілеймін! – деді Қазақстан Президенті.

«Қазақ» газетінің ел тарихындағы, әдебиеті мен мәдениетіндегі, түптеп келгенде ұлттық журналистикадағы алар орны ерекше.

Бұған дейін телевизия күні, радио күні сынды атаулы мерекелер болса, енді баспасөз саласында еңбек ететіндердің де төл мерекесі бар! Мұны журналистика күнімен шатастырмау керек, ол – бөлек кәсіби мереке, бөлек атаулы күн!

Бүгінде «Гезет деген керек пе?», «Газетке не үшін жазылуымыз қажет?» дейтін азаматтар бар. Олар бүкіл ақпаратты әлеуметтік желі арқылы көріп отыратындарын алға тартады. Төл мереке қарсаңында газеттің не үшін керек екенін тағы бір мәрте жазғанды жөн көрдік.


Хош делік, әлеуметтік желі арқылы ақпаратты ала алатын шығар, бірақ ондағы кейбір хабарлар екселіп, түп-тамырына дейін тексеріле бермейді. Осыны ескеру қажет. Оның үстіне қазір үйде неше адам болса, сонша ұялы телефон қолданатын отбасылар бар. Студенттің айтпағанның өзінде бесіктегі баласына дейін смартфонның әуенін тындап жатады. Рас қой. Көптеген үйдің мектеп жасындағы балалары бөлмелеріне кіріп алып, әлеуметтік желіде отырады. Кино көрсе де, тың ақпарат іздесе де ғаламторды шарлайды. Бір өкініштісі, барлық ата-ана бірдей баласының ғаламтордағы әрекетін бақылауда ұстамайды. Ол бала тілмен айту бйлай тұрсын, көзбен көруге ұялатын неше түрлі бейнелерді қарауы ықтимал. Мұның несібін жасырамыз. «Ауруын жасырған өледі» дейді қазақ. Дәл осылай тоқтаусыз жалғаса беретін болса, газетті айтпағанда кітап оқытын адам таппай қалуымыз ғажап емес. Ал оқытын, оқуға құштар ұлттың болашағы жарқын болатынын жапондар әлдеқашан дәлелдеп қойды. Күншығыс елінің «The Yomiuri Shimbun» газетінің бір күндік таралымы 14 миллион дана екен. Қазақстандағы қай газет мұндай межеге жетті? Ел газеті деп жүрген «Егемен Қазақстанның» өзі жыл санап таралымы азайып келеді. Аймақтардағы басылымдардың да шексіз шылықтып отырғаны шамалы. Тіпті кейбірі жабылуға шак қап тұр. Қазір Қытай да газетке ерекше мән бере бастады. Өйткені олар даму үшін оқуға құштар ел болуы керектігін түсінді. Дәлел үшін айта кетейік, аспанасты елінің «Reference News», «People's Daily» басылымдары 2-3 миллион тиражбен тарап жатыр. Қытайдың қандай қарқынмен дамып жатқанын бүгінде күллі әлем көріп отыр. Бізге де ойланатын кез жетті.

Несін жасырамыз, бір адамның ұялы телефонына айына шамамен 2000-12000 теңге аралығында бірлік салынады. Ал осы қаражатқа 6 айға газетке жазылуға болады. Мәселен, «Ақмешіт апталығына» 3000 теңгеге жазылаңыз, аптасына екі рет үйіңізге барады. Ол аз десеңіз 6 бойы сізбен бірге болады. Сонда қайсысы арзан, қайсысы тиімді екенін пайымдай беріңіз. Бірақ сапалы, нақты, қажетті деген дүниелер баспасөз бетінде екселетінін ұмытпаған абзал.

«Бұрындары балалар атты-шабыс киноны көп көреді» дейтін еді, қазір теріс ағымды насихаттайтын діни материалдар ғаламторда толып тұр. Тіпті өріп жүр десе де болғандай. Ал мемлекет тарапынан бақылауға алынған газет-журналда ұлттың тамырына балта шабатын бірде-бір дүние болмайды. Қайта керісінше, танымдық-тарихи, әдеби-мәдени, рухани мақалалар беріледі. Көптің көкейінде жүрген түйінді мәселе айтылса да әбден зерттеледі. Яғни баспасөздегі әр материалды журналистер електен өткізеді. Бұл – газеттің пайдасы артпаса түспегенінің айғағы.

Елімізде газетке жазылатындардың азайып бара жатқаны жасырын емес. Біз көпке топырақ шашпаймыз. Баспасөзге жазылуға белсенділік танытқандар жеткілікті. Ондай адамдарды газеттің шын құнын білетін, нарқы мен паркын түсінетін қадірлі де құрметті оқырман санатына жатқызамыз. Сіз бір газетке болса да жазылаңыз, ұлттық басылымға қолдау көрсеткеніңіз. Ұлттық басылымның жұлдызы биік болсын десеңіз газет-журналдарға жазылаңыз, қадірлі оқырман!

Әли ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ



## НЕСИЕ ПАЙЫЗЫ ТӨМЕНДЕЙ МЕ?

Халықтың банктерге қарызы, шектен тыс несие тақырыбы әлі де өзекті. Бүгінде несие пайызын төмендету жайы талқылануда.

Мәжіліс депутаттары жылдық пайыздық мөлшерлемені 56-дан 44 пайызға дейін төмендетуді ұсынууда. Бұл ұсынысты Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі де қолдап отыр.

Қалай болғанда да несиесіз тршілігі бітпейтін халық үшін несие пайызының төмендеуі тиімді жолдың бірі болмақ.

Сарапшылар базалық мөлшерлеменін өзгеруіне және ол арқылы 2024 жылы кредиттер мен депозиттердің банктік мөлшерлемелеріне қандай факторлар әсер ететінін айтты.

2-БЕТТЕ

### СҰХБАТ

Бақытбек Алпысбаев,  
мемлекеттік сыйлықтың иегері:

## БАҚЫТЫМДЫ ТЕАТРДАН ТАПТЫМ

Бүгінгі біздің жүрежарды сұхбаттың қонағы – Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрының актері, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет» орденінің иегері, Қызылорда қаласының «Құрметті азаматы» Бақытбек Алпысбаев. Еңбегімен ел құрметіне бөленген танымал өнер тарланына жақында ҚР Президентінің өкімімен мәдениет саласындағы Мемлекеттік стипендия табысталды. Бұл жаңалық күллі Сыр бойының өнеріне деген жоғары құрмет деп білдік.

Жоғары марапатқа ие болып алты алаштың мақтанына айналған Сырдың даңқын асқақтатқан өнер иесімен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

2-БЕТТЕ



## «Ұлттық қор – балаларға»: алғашқы төлем түсті



Ақпан жағымды жаңалықпен басталды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Ұлттық қор – балаларға» жобасы аясында 18 жасқа дейінгі балалардың есепшотына алғашқы төлем түсті. Бұл көпшілікті қуантқан жаңалық болды.

Президент өз сөзінде әрбір отбасы еліміз пайдаланып жатқан ұлттық байлықтың игілігін көруі керек деген еді. Соның аясында 2024 жылдан

бастап «Ұлттық қор – балаларға» атты жаңа бағдарламаның іске асатынын айтқан. Халықтың игілігіне қызмет етуші қор 1 ақпаннан бастап еліміздегі кәмелеттік жасқа толмаған әр баланың есепшотына 100 доллар көлемінде төлем аударды.

2-БЕТТЕ

Ақпан айындағы жаңалықтың бірі мектеп оқушыларына арналып тұр. Олар енді бұдан былай сабақта телефон қолданбайды. Өткен жылдың соңында оқушыларға сабақ үстінде телефон пайдалануға тыйым салатын заң жобасы Мәжілісте мақұлданып, Сенатқа жолданған еді.

## СМАРТФОНСЫЗ САБАҚ

Сенат білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды мақұлдады. Заңды қабылдаудағы негізгі мақсат – білім беру саласындағы және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау саласындағы ұлттық заңнаманы одан әрі жетілдіру дейді сенаторлар.

2-БЕТТЕ







Қызылордада қылышын сүйретіп, қыс енді келді. Енді деп отырған себебіміз қызылордалықтар желтоқсанды қарсыз өткізді. Қаңтардың соңына таяу қар жауып, тұрғындар қысты сезінгендей болды. Ал ақпан айы қарлы боранмен басталды. Аппақ қарға оранған Қызылорда да кімдердің жұмысы қызатыны белгілі. Ол – «Қызылорда тазалығы» мекемесі.

Таңмен таласа тазалықшылар көше бойындағы қарды күрекпен тазаласа, техника тізіндегендер жол үстіне тұз сеуіп, көшені ашуда. Бәрі де қала тұрғындары үшін... Шыны керек, еңбек солардікі. Неге десеніз, олар дәл бүгінгі сәтте күндіз-түні демалысыз жұмыс істеуде. Осыған орай біз коммуналдық салаға арналған «24 САҒАТ» бетін «Қызылорда тазалығы» мекемесінің бір күндік жұмысына арнадық.



«Амкор» тракторы.  
Міндеті – «МК-7» тракторы  
жинаған қарды тсейді.



Бейнәжзба нұсқасын  
көру үшін

# ҚЫС ҚАРБАЛАСЫ: ТАЗАЛЫҚШЫ ДА, ТЕХНИКА ДА ТЫНЫМСЫЗ ТІРЛІК ЕТУДЕ

## ҮЗІЛСІЗ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН МЕКЕМЕ

Соңғы он жыл көлемінде қаланы көркейт-у, қоғалдандыру, тазалығын қалыпта сақтау мәселесіне ерекше ден қойылып, тиісті шаралар қолға алынған еді. Әсіресе желді аймақтың тазалығын сақтау – басты талап. Содан бері осынша уақыт өтсе де, бұл күн тәртібіндегі өзектілігін жойған жоқ. Қазір Қызылорда таза қалаға айналды.

Осы уақыт ішінде қала тазалығына жауапты «Қызылорда тазалығы» мекемесі тұрақты жұмыс істеп келеді. 2013 жылы құрылған мекеменің қысы-жазы атқаратыны облыс орталығын мұз бен қардан, қоқыстан тазарту секілді қызметі бар. Мұның бәрін атқарып жүрген техника мен тазалықшыларды қала көшелерінде күнде көреміз.

Кәсіпорында 500-ден астам адам жұмыс істейді. Оның ішінде 160 тазалықшы, 67 жүк тиеуші, 26 ұчаскелік шебер, 16 механизатор, 43 арнайы көлік жүргізушісі бар. Қазіргі күні «Қызылорда тазалығы» мекемесіне тазалық жұмыстарына қаралған қаржы, кәсіпорынға түсетін негізгі кіріс көзі болып саналады.

– Бюджеттен тазалық жұмыстарына қаралған қаржыға жыл сайын өз денгейінде жұмыс істеуде. Сонымен қатар қаламыздағы көпқабатты тұрғын үйлер мен жеке секторда тұрып жатқан тұрғындарға, шағын және орта кәсіпкерлік нысандарға тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару қызметін көрсетеді. Өткен жылы қоқыс полигонына 70 мың тоннадан жоғары қоқыс апарылды, – деді мекеме директорының орынбасары Ғабит Оспанов.

– Мына техника – қызыл трактор. Мекеме қызметкерлері солай атап кеткен. Тракторлардың ішіндегі ең кішісі. Сонымен қатар қала бойынша жалғыз трактор. Мамандардың айтуынша, биыл бұл трактордың қортеуіп алу жоспарда бар. Міндеті – жолдың жиегін және тротуарларды тазалау.

Кәсіпорын тенгерімінде 140 автокөлік бар. Оның ішінде 90-ы – арнайы техника. 2022-2023 жылдары бюджеттен 1 268,4 млн қаржы қаралып, жалпы саны 31 арнайы техника сатып алынып, пайдалануға берілген. Ал осы жылға 885 млн теңгеге 29 арнайы техника алу жоспарланыпты. Қазіргі сәтте «Қызылорда тазалығы» мекемесінің қысы тазалық жұмыстарын атқаратын 45 техника болса, оның 17-і былтыр алынған жана техникалар.

Бір қызығы, әр техниканың атқаратын өз міндеті бар. Сырттай қарасаньз, әр көліктің атқарған жұмысы бірдей секілді көрінеді. Бірақ олай емес. Бірі құм себегін, екіншісі қарды қыратын, үшіншісі қарды сыртқа шығаратын, одан тиіп алып кететін көліктер көше бойында өз жұмысын атқарып жүр.

Биыл қаңтар айында 3820 тонна тұз-құм аралас қоспаны қала көшелері мен жаяу жүргіншілер жолдарына себілген. Мамандардың айтуынша, бүгінгі күні 2000 тонна құм, 300 тонна тұз бар.

Сонымен қатар қыс бойы мекеме тарапынан 200-ден астам адам халыққа қызмет көрсетеді. Оның ішінде жұмысшы топ саны басым. Қазіргі уақытта қаланың коммуналдық қызметтері күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Мұндағы тазалықшылардың тірлігі таң атысымен қызды. Әрқайсысының белгіленген аумағы бойынша өз міндеті бар. Таңның атысы, кештің батысы бір тірліктің басында жүрсе де, жұмыс көлемі азаяр емес.

## ТАЗАЛЫҚШЫЛАРМЕН ТІЛДЕСТІК

Кейіпкеріміз Алтынбек Әлжолған «Қызылорда тазалығы» мекемесінде жұмыс істеп келе жатқанына 22 жыл болған. Қарбалас жұмыс арасында Алтынбек ағамен әңгімесудің сәті түсті.

– Өзім қала тұрғынымын. Осы мекемеде жұмыс істеймін. Қала тазалауға таңғы 7.00-ден бастап кірсеміз. Қас қарайғана тынбайтын тазалықшылардың еңбегі адал. Кейбіреуі бұл жұмысты қораш көрінуі мүмкін. Шыны керек, өзіме ұнайды. Әр маусымда атқаратын өз жұмысымыз бар. Бастысы, әркім өзіне тапсырылған істі уақытылы, сапалы бітірсе болды, – деді ол.

– Жаздың аптаған ыстығында да, қақаған қыста да сыртта жүресіңдер. Жалпы еңбегіңіз еленіп жатыр ма?

– Иә, біз жыл бойы көше бойында жұмыс істейтіміз белгілі. Жұмыс ауыр ғой. Бірақ өзім қанағат етемін. Енбегіміз еленіп жатыр. Айлығымыз уақытылы. Қоғамдық көлікте тегін жүреміз. Тағы бір қуантарлығы, бізге еңбек демалысына шыққан кезде демалыс орнына тегін жолдама береді.

– Қала тұрғындарына айтарыңыз бар ма? Тазалыққа немқұрайлы қарайтындыр да бар болар?

– Ауланы ретке келтіріп, ұқыпты ұстау – тек біздің ғана емес, баршамыздың міндетіміз. Бірақ жыл артқан сайын тұрғындар да тазалық сақтауға үйреніп келеді. Қазір Қызылорда таза қалаға айналды. Осы атауға сәл де болса өз үлесімізді қосып жатқанымызға қуанамыз. Әр тұрғын тазалықты өз ауласынан бастағаны жөн. Біздер көп нәрсе талап етпейміз. Қарапайым әр тұрғын белгіленген орынға ғана қоқысты тастаса деген ұсыныс бар.

– Қар жауған сайын жұмыс көбейіп кеткен шығар?

«МК – 7» тракторы – өзі шағын ғана келген техника болса да, жылдам қимылдайды. Міндеті – жол жиегіндегі қарды жинап алып, келесі техникаға әкелу.



## АЛҒЫС ТА БАР, АРЫЗ ДА ЖОҚ ЕМЕС...

Әрине, тұрғындар тарапынан алғыс жиі айтылады. Әсіресе сырттан келген қонақтар қала тазалығына қатысты оң пікірлерін ауыз толтырып айтып жатады. Бірақ арасында тазалықшылардың жұмысына көңілі толмай даттайтындыр да табылады. Қаншама еңбекті жокқа шығарып, наразылық танытатындар да кездеседі.

– Мекеме құрылған уақыттан бері қала тазалығын сақтауда біршама тірліктер ат-

## ТІЛШІ ТҮЙІНІ

Тазалық мекемесі күндіз-түні екі ауысыммен қарқынды жұмыс кірісіп кетті. Ел игілігіне жараған техникалар қысқа сақай сай. Бір сөзбен айтқанда, «Қызылорда тазалығының» тазалықшылары да, техникалары да қыстың қалың қарына да, жауынды-шашынды күндеріне де дайын.

Бетті дайындаған Ақтолық НҮР.ПЫБАЙ  
Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

